ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАНДАЙ ТӘУЕКЕЛГЕ ТАП БОЛУЫ МҮМКІН

01. ФИШИНГ-ШАБУЫЛДАР КЕЗІНДЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҰРЛАУ

Интернет-алаяқтықтың түріне жататын, пайдаланушылардың жеке және төлем деректеріне қолжетімділік алуды мақсат ететін фишингтің құрбаны болмауы үшін киберқауіпсіздік шараларын сақтаңыз. Қастық ойлаушылар кез келген қаржы ұйымы немесе МҚҰ-ның клон-сайтын құруы не электрондық, сондай-ақ олардың ішіне вирустар «кірістірілген» SMS-хабар тарату арқылы кредит ұйымдарының клиенттеріне шабуыл жасаулары мүмкін.

Сондықтан ешқашан және ешкімге, әсіресе бейтаныс адамдарға өзіңіздің жеке басыңызды куәландыратын құжаттың көшірмесін, карточкаңыздың толық деректемелерін, әсіресе артқы жағындағы үшмәнді кодын, SMS арқылы келген кодты және басқа да дербес ақпаратты жібермеңіз. Күмәнді сілтемелерге кірмеңіз.

Өзіңіздің гаджетіңізге антивирустық бағдарламаны орнатыңыз және оны үнемі жаңартып отырыңыз. Алаяқтық шабуылдар жағдайында антивирус оларды сәтті бұғаттайды. Қосымшаларды тек ресми дүкендерден жүктеңіз. Оларды жүктемес бұрын, қолданушылардың түсініктемелерін мұқият оқып шығыңыз және қосымшаларды әзірлеушілердің мерзімді жаңартуына көз жеткізіңіз (ресми дүкендерде соңғы жаңартудың күні міндетті түрде көрсетіледі).

02. ҚАРА КРЕДИТОРЛАР

Алаяқтар сіздің ақшаңызды иемдену үшін, кез келген адам ретінде тіпті кредиторлар болып өздерін таныстыруы мүмкін. Олар кредитті қолайлы және жеңілдетілген талаптармен ресімдеуді немесе кредиттік тарихты аздаған төлеммен тазартуды ұсынуы мүмкін. Қаскөйлер сізді банкте немесе МҚҰ-да қарыз ресімдеуді қажет ететін кепіл берілген пайдалы жобаға инвестициялауға көндіруі мүмкін.

Сарапқа салып пайымдаңыз. Кредиттік ұйым мен тұтынушылар арасында ешқандай делдал жоқ және сіздің кредиттік тарихыңыздағы ақпаратты жоюға ешкім құқылы емес. Тек кредиттік бюролар ғана жеке тұлғалардың кредиттік келісім-шартына «оңалтылған» мәртебесін бере алады. Алаяқтар ғана, атап айтқанда, қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар инвестицияларды қайтаруға кепілдік береді, себебі Қазақстанда бұған заңнамалық түрде тыйым салынған. Мұндай күмәнді мақсаттар үшін ешқашан кредит алмаңыз.

Егер сіз қарыз шартын жасағыңыз келсе, онда алдымен сіз таңдаған кредиттік ұйымда лицензияның болуын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми «www.gov.kz» интернет-ресурсында тексеріңіз («Қызметі» деген бөлімде, «Рұқсаттар мен хабарламалар тізілімі» деген шағын бөлімде).